# МӘДЕНИ МҰРА
## ғылыми журнал

# КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
## научный журнал

# CULTURAL HERITAGE
## science journal

ISSN: 2708-3365 (print)
ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (109)

Астана
2025

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

| | |
|---|---|
| **ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік** | – Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан) |
| **ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы** | – алқа төрағасының орынбасары,Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы** | – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы** | – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы** | – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан) |
| **ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы** | – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан) |
| **МЕРЦ Виктор Карлович** | – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан) |
| **ЖАБАҒИН Мақсат** | – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан) |
| **СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **САБИТОВ Жаксылык** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **ДЮПЮЙ Пауло** | – PhD докторы (Қазақстан) |
| **ҚАРА Әбдуақап** | – доктор, профессор (Түркия) |
| **ШАМИЛЬОГЛУ Юлай** | – PhD, профессор (АҚШ) |
| **АЙТПАЕВА Гулнара Амановна** | – филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан) |
| **РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна** | – PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания) |

## EDITORIAL BOARD:

| | |
|---|---|
| **Berik Abdygaliuly** | – Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan) |
| **Akmaral Ibrayeva** | – Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Zhaken Taimagambetov** | – Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan) |
| **Zainolla Samashev** | – Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan) |
| **Zhanat Aimukhambet** | – Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan) |
| **Ulan Umitkaliev** | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Victor Merts** | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Maxat Zhabagin** | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan) |
| **Aibek Sydykov** | – Doctor PhD (Kazakhstan) |
| **Ulan Bigozhin** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Zhaxylyk Sabitov** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Paula Dupuy** | – PhD (Kazakhstan) |
| **Kara Abdulvahap** | – Doctor, professor (Turkey) |
| **Uli Shamiloglu** | – PhD, professor (USA) |
| **Gulnara Aitpaeva** | – Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan) |
| **Radivojevic Miljana** | – PhD, Associate professor (UK) |

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

| | |
|---|---|
| **ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік** | – Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан) |
| **ИБРАЕВА Акмарал Госмановна** | – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович** | – Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **САМАШЕВ Зайнолла Самашевич** | – доктор исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна** | – доктор филологических наук, профессор (Казахстан) |
| **УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич** | – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **МЕРЦ Виктор Карлович** | – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **ЖАБАГИН Максат** | – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан) |
| **СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **БИГОЖИН Улан Зейноллаулы** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **САБИТОВ Жаксылык** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **ДЮПЮЙ Пауло** | – PhD доктор (Казахстан) |
| **КАРА Абдуакап** | – Доктор, профессор (Турция) |
| **ШАМИЛЬОГЛУ Юлай** | – PhD, профессор (США) |
| **АЙТПАЕВА Гулнара Амановна** | – доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан) |
| **Радивожевич Мильяна** | – PhD, ассоциированный профессор (Великобритания) |

## МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ


**Археология / Archaeology / Археология**

***Молдахмет А.*** 2001-2008 жылдары Қаратауда жүргізген археологиялық зеттеулер (Тұран археологиялық экспедициясы материалдары негізінде)
***Молдахмет А.*** Археологические исследования в Каратау в 2001–2008 годах (по материалам Туранской археологической экспедиции)
***Moldakhmet A.*** Archaeological research the Karatau mountains in 2001–2008 (based materials of the Turan archaeological expedition)........ 6

***Shametov S., Eraliyeva S., Nurakhmetova K., Orazov T.*** Archeological monuments of Turkestan region in the Turkestan archaeological expedition research
***Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нұрахметова Қ.А., Оразов Т.Б.*** Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеулеріндегі Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштері
***Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова К.А., Оразов Т.Б.*** Археологические памятники Туркестанского края в исследованиях Туркестанской археологической экспедиции........ 26

***Кузнецова Т.*** О роли зеркал в погребальном обряде скифо-сармтаской эпохи
***Кузнецова Т.*** Скиф-сармат дәуіріндегі жерлеу рәсіміндегі айнаның рөлі
***Kuznetsova T.*** On the role of mirrors in the funeral rites of the Scythian-Sarmatian era........ 37

***Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.*** Орталық Азия елдеріндегі қыш өндірісінің этнографиясы
***Абилева Н.М., Аккошкарова Ж.Т.*** Этнография гончарства стран Средней Азии
***Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T.*** Ethnography of pottery of Central Asian countries........ 68

***Мұстажап А.Ш.*** Ортағасырлық Сарайшықтың қыш өндірісі: археологиялық және мәдениеттанулық талдау
***Мустажап А.Ш.*** Гончарное производство средневекового Сарайшыка: археологический и культурологический анализ
***Mustazhap A.Sh.*** Pottery Production in Medieval Saraishyk: an archaeological and cultural analysis........ 84

***Каримова К.Г.*** З. Самашевтің ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты зерттеулері (Сарайшық қаласы негізінде)
***Каримова К.Г.*** Исследования З. Самашева, Посвящённые культуре средневековых городов (на примере города Сарайшык)
***Karimova K.G.*** Z. Samashev's research on medieval urban culture (based on the example of the city of Saraishyq)........ 97

***Рысбергенов М.*** Функционально-семантические интерпретации курганов с каменными грядами: историографический обзор
***Рысбергенов М.*** Тас қатарлары бар қорғандардың функционалды-семантикалық түсініктемелері: тарихнамалық шолу
***Rysbergenov M.*** Functional and semantic interpretations of kurgans with stone alignments: a historiographical review........ 109

**Этнология / Ethnology /Этнология**

***Мәулет. А.*** Шыңжаң қазақтары аспаптық музыкалық мұрасының зерттелуі
***Маулет А.*** Изучение инструментального музыкального наследия казахов Синьцзяна
***Maulet A.*** The Study of the Instrumental Musical Heritage of the Kazakhs of Xinjiang........ 126

***Атдаев С.*** Кара-Шайтан – связующее звено между Мервом и Бухарой
***Атдаев С.Дж.*** Мерв пен Бұхара арасындағы бітімгер - Қара-Шайтан
***Atdaev S.*** Kara-Shaytan – a connecting link between Merv and Bukhara........ 150

Этнология/ Ethnology/ Этнология

https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.08

ҒТАМР 18.41.31

**Мәулет А.**
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана, Қазақстан
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

# ШЫҢЖАҢ ҚАЗАҚТАРЫ АСПАПТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Аңдатпа.** Түркі тілдес халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан ортақ тарихи-мәдени даму жолы олардың рухани мұрасының біртұтастығын айғақтайды. Қазақ халқының этникалық болмысы XV ғасырда толық қалыптасқанымен, оған дейінгі мәдениет нысандары рулық-тайпалық өнер аясында дамығаны белгілі. Түркі тілдес тайпалар бірлестігі кейін Шыңжаң қазақтарының этникалық құрамын анықтады. Аталмыш түркі халықтарының рухани мұрасы, соның ішінде аспаптық музыкасы көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты болып, этностың мәдени тұтастығы мен ұлттық болмысының қалыптасуына зор ықпал етті. Осы негізде жазылған бұл ғылыми мақалада Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкалық мұрасы тарихи-мәдени контексте қарастырылған. Зерттеу мақсаты – осы аймақтағы домбыра және сыбызғы дәстүріне тән көркемдік-орындаушылық ерекшеліктерді, тарихи тұлғалардың рөлін, аймақтық мектептердің қалыптасуын жүйелі түрде зерделеу арқылы бұл өңірдің түркі әлемі мен Қазақстанның музыкатану ғылымындағы орны мен маңызын айқындау. Зерттеу барысында тарихи-типологиялық, салыстырмалы-теориялық және этнофондық әдістер мен кешенді талдау тәсілдері қолданылды. Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасы ноталық және аудиоматериалдар негізінде сараланып, домбыра күйлерінің құрылымдық ерекшеліктері мен саздық-мақамдық айырмашылықтары айқындалды. Нәтижесінде, бұл өңірдің өзіндік орындаушылық дәстүрлері, тарихи тұлғалардың көркемдік қолтаңбасы және аспаптық музыкасының тарихи-мәдени даму үдерісі ғылыми тұрғыдан талданды.

**Кілт сөздер:** Қазақтар, мәдени мұра, дәстүр, аспаптық музыка, домбыра.

*Дәйексөз үшін: Мәулет А. Шыңжаң қазақтары аспаптық музыкалық мұрасының зерттелуі // Мәдени мұра. 2025. №2. 126-149 бб. (қаз.)*
*DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.08*

**Кіріспе**

Қазақтардыңаспаптықмузыкасы-сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып келе жатқан баға жетпес рухани асыл қазына. Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасы (әншілік-күйшілік өнері), өңірлік және орындаушылық ерекшелігі әртүрлі бірнеше орындаушылық мектептерге бөлінді. Сол орындаушылық мектептің ішінде Шығыс Қазақстан өңіріндегі Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасы, аймақтық жағынан кең ауқымды болып дамыды. Бұл орындаушылық мектептің үлкен бір тармағы - қазіргі Шыңжаңдағы қазақтардың аспаптық музыка өнері. Осы өлкеге қарасты Іле қазақ автономиялық облысының Алтай, Тарбағатай, Іле аймақтарында Санжы, Бұратала облыстарында, Құмыл аймағында, Гансу өлкесінде, Күйтүн, Шыхызы, Үрімжі қалаларында екі миллионға жуық қазақ өмір сүреді (Мәсімханұлы, 2012: 265-296).

Шыңжаңның жер жағдайынан алғанда қазақтардың жайласқан жері Тәңіртауының солтүстік бөлігін (қазіргі Шыңжаңның Солтүстік өңірі) суы мол, топырағы құнарлы, табиғаты төрт-түлік малға жайлы таулы мекендерде байырғы көшпенді өмір-салтымен тіршілік етеді және негізгі тұрмыс көзі мал шаруашылығы. Көктем шығысымен шөптің отын қуалап, жаз жайлауға көшіп,  күз келгенше табиғат аясында болады. Жылдың төрт мезгілінде көшпелі қазақтардың үшін қыстау, көктеу, жайлау, күзеудің алатын орны ерекше. Қыстау – қоршауы болған қысқы қоныстың атауы. Қоршаудың ең қарапайым түрі – ішінде мал қамайтын қашасы бар қамыстан, саз балшықтан, шарбақтан шеңбер немесе төртбұрыш етіп жасалған қоршау. Жайлаудан жайлауға көшіп-қону барысында әр ауыл жыл сайын өткен жылы өздері болған жерлерге қайта орналасқан. Көп жылдық тұрақтарды қазақтар «ескі жұрт» деп атаған. «Жұрт» – деген сөздің мағынасы – бір орында көптеген адамдардың жиналуы, оның негізгі ұғымы – халық, қоғам. Жұрт – жазғы тұрақ үшін орнықты орын. Шыңжаң қазақтары қыстауда қазаннан бастап сәуірге дейін, ал жайлауда – мамыр, шілде, күзеуде – тамыз қыркүйек айларында қоныстанған.

Қазіргі кезде Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасының үлкен жанрлық бір саласы саналатын күйшілік өнерінде - «төкпе» және «шертпе» дәстүрі, даму кезеңі жағынан аймаққа тән орындаушылық, композициялық, аспаптық даму жүйелерімен ерекшеленеді. Қазақстанның әр аймағында аспаптық музыканың махам-сазы, көркемдік стилі бір-бірінен өзгеше үлкен орындаушылық өнері қалыптасқан. Сондай-ақ Қазақстанның әр өңіріндегі ұлттық аспаптардың да өзіндік ерекшелікке ие формалары сақталған. Бұл құндылықтар туралы жүйелі ғылыми-зерттеулер Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін жандана түсті. Бірақ Шыңжаң өлкесіндегі қазақ түріктердің аспаптық музыкасы туралы толық зерттеулер ғана емес, жалпы осы өңірдің аспаптық музыкасы туралы материалдардың өзі бүгінгі күнге дейін мардымсыз. Бұл зерттеу мақаламыздың мақсаты – Шыңжаңдағы қазақтардың аспаптық музыкасын тарихи-мәдени тұрғыдан зерттеу арқылы жалпы түрік тілді мемлекеттердің және Қазақстанның музыкатану ғылымында осы уақытқа дейін белгісіз болып келген, аталған өңірдің аспаптық музыкасының тарихи өкілдерін және домбыра, сыбызғы дәстүріне тән көркемдік орындаушылық ерекшеліктерін, айырықша аймақтық

орнын даралап көрсету.

## Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеуде Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкалық мұрасын зерделеу барысында бірнеше кешенді ғылыми әдістер қолданылды. Ең алдымен, тарихи-типологиялық әдіс арқылы аспаптық музыка үлгілерінің қалыптасу кезеңдері, тарихи даму үдерісі мен көркемдік ерекшеліктері жүйеленді. Бұл әдіс музыкалық туындылардың шығу төркінін, стильдік өзгерістерін және уақытпен сабақтастығын анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, салыстырмалы-теориялық әдіс қолданылып, Шыңжаң өңіріндегі күйлердің құрылымдық, интонациялық, мақамдық ерекшеліктері талданды. Мұндай салыстыру музыкалық дәстүрлердің ұқсастығы мен аймақтық айырмашылықтарын ашуға бағытталды. Этнофондық (этномузыкалық) әдіс аспаптық шығармалардың дыбыстық үлгілерін (аудиожазбалар, нота нұсқалары) талдау мен орындаушылық ерекшеліктерін сипаттауға негізделді. Бұл әдіс арқылы домбыра мен сыбызғы күйлерінің орындалу техникасы, саздық құрылымы, және орындаушы шеберлігіне назар аударылды. Зерттеу барысында кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылып, музыкалық мұраны тарихи, мәдени және көркемдік аспектіде тұтастай қамту көзделді. Сондай-ақ, жергілікті орындаушылардан этнографиялық материал жинау, аудиовизуалды деректерді сараптау, және музыка жазбаларын жүйелеу сияқты тәжірибелік әдістер де пайдаланылды. Бұл әдістердің үйлесімді қолданылуы Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкалық дәстүрінің тарихи-мәдени мазмұнын тереңірек ашуға және аймақтық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді. Зерттеу жұмысының дерек көздері ретінде – Шыңжаңның Іле, Алтай, Тарбағатай, Құмыл аймақтары мен Санжы облысы, Гансу өлкесідегі 1950 жылдардан бастап жиналған мұралар сақталған архивтерден және өз тарапымыздан 1990-2017 жылдар аралығында Шыңжаң жеріне жасалған жекелеген және біріккен фольклорлық-этнографиялық бірнеше экспедиция материалдарынан алынған.

Осы тақырыпты ғылыми зерттеу жүргізген зерттеуші ғалымдардың еңбектерін екі топқа бөлуге болады: Қазақстандық ғалымдардың осы тақырыпты зерттеулері, (Бекенов, 1981), (Бекқожина, 1996), (Мұптекеев, 1998, 2014), (Бекенов, 1998), (Сейдімбек, 2002), (Әбуғазы, Мәулетұлы, 2008), (Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі антология, 2009), (Әбуғазы, 2009, 2016), (Жүзбай, 2009, 2010), (Мәулет, Неғыманов, 2010), (Игілік, 2011), (Балтабаева, Қоңырбаева, 2012), (Әзібаева, 2014), (Шетел қазақтарының өнері: музыка мәдениеті, 2014), (Кәсімбайұлы, 2016), (Таңғытұлы, 2009), (Ardabi Maulet т.б., 2016) сияқты ноталық жинақтар және хрестоматия түрінде жарық көрген бұл еңбектердің маңыздылығы Шыңжаң күйлерін зерттеуде ноталық және күй тарихына қатысты деректер алынды.

Шыңжаңда сол өңірдің аспаптық музыкасы туралы еңбектер жазған (Тұрлықожаұлы және басқалары, 1984), (Әлімбекұлы, Халықұлы, 1985), (Тойынбаев, Мәжін, 1988), (Әбдіқадырұлы, 1991), (Құсайынұлы, 1988), (Мырзаханұлы, 1992), (Мазақ, 1993), (Оралбек, 1996), (Абдоллаұлы, 2006), (Таңғытұлы, 2003), (Сейітқазинұлы, 2000), (Зікіриаұлы, Бәзілханұлы, 2000), (Камалұлы, 2006), (Мақайұлы, 2008),

(Тоқтабаев, 2008), (Кәсімбайұлы, 2008), (Қамзайұлы, 2008), (Зікіриаұлы және басқалары, 2009), (Бөденбай және басқалары, 2009), (Кәсімбайұлы, 2010), (Мақайұлы және басқалары, 2013, 2016), (Қабылжанұлы, 1999) сияқты еңбектер болғанымен, аталған өңірді арнайы ғылыми жүйелі сипаттап-талдау бүгінгі өнертану ғылымында өзекті.

Жалпы Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасының зерттелуі Қазан төңкерісіне дейін және одан кейін қазақ даласына келіп зерттеу жүргізген шетел ғалымдарының еңбектерінде көрсетілді. XVIII-XX ғасырларда Шыңжаң қазақтарының рухани мұрасына зерттеу жүргізген және оған естелік-эссе түрінде баға берген ғалымдар Петр Аравин (Аравин, 1970), Василий Радлов (Радлов, 1993), Борис Ерзакович және Зейнұр Қоспақов (Ерзакович, Қоспақов, 1986), Иоганн Готлиб Георги, Иван Андреев, Алексей Левшин, Александр Алекторов және қазақтың ұлы саяхатшы ғалымы Шоқан Уәлиханов (Уәлиханов, 1980), Әлкей Марғұлан (Марғұлан, 1985) Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкалық мұрасы, тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы жайында құнды деректер қалдырды. Сондай-ақ, XX ғасырда Шыңжаң қазақтарының музыкалық фольклорына әсіресе ән мен күйге қатысты жинап хаттау жұмыстарын жүргізген Александр Затаевичтің еңбегі зор.

Аталмыш тақырыпты дербес теориялық талдаудың нысанасы ретінде таңдалуының өзі де бұл тақырыптың өзектілігі мен практикалық маңыздылығынан және бүгінгі заманда рухани құндылықтардың қайта бағалануы мен пайымдалуының әсерінен туған қызығушылыққа байланысты еді. Аспаптық музыка мен жалпы фольклорының зерттелуі, жиналуы, насихатталуы – бірінші кезеңде XX ғасырдың 40-50 жылдарынан бастап, Шыңжаңда өмір сүрген өнер зерттеушілері – Жағда Бабалықұлы, Дүйсенбек Тұрлықожаұлы, Дәулет Мазақұлы, Әкима Досмырзаұлы, Еркін Дәулетұлы, Әбілез Шәріпұлы, Байақын Әлімбекұлы, Дәулет Халықұлы, Кәсімбай Құсайынұлы, Оқабай Тойынбаев, Мәжін Дәріпбек, Мұқабек Әбдіқадырұлы қатарлы адамдар жаяу-жалпылы жүріп, ел ішіндегі аспаптық музыканың озық үлгілерін баспа бетіне дайындаған болса, екінші кезеңде, сол жақтағы Шыңжаң қазақтарының жазба әдебиетін қалыптастырған әдебиетші, фольклорист, филологтардың еңбектерін атауға болады. Осы жолда домбыра және сыбызғы күйлерін аймақтық деңгейде тұңғыш зерттеуді ұсынған күйші-зерттеуші Уәли Бекенов пен баласы Дархан Бекеновтың еңбектеріндегі бағыт, Ақселеу Сейдімбектің тарихи публицистикалық очерктерінде жалғасын тапқан. Бұл зерттеулерде күй өнерінің тарихи тұлғалары Бейсенбі Дөненбайұлы, Қожеке Назарұлы, Қайрақбай Шәлекенұлы, Мүкей Әбілқайырұлы, Әшім Дүңшіұлы қатарлы халық композиторларының шығармашылығы жайлы аздаған өмірбаяндық және ноталық жазбалар беріліп, бұл тақырыптың зерттелу бағытының айқындалуына үлес қосты. Сондай-ақ белгілі ғалым Дүкен Мәсімханұлының «Еуразиялық өркениет» (Мәсімханұлы, 2012), «Сөз желкен» (Мәсімханұлы, 2005), Нұржамал Алдабектің «Тарихы талқыға толы Шыңжаң» (Алдабек, 2003), жазушы Жақсылық Сәмитұлының «Қытайдағы қазақтар» (Сәмитұлы, 2000), тарихшы Нәбижан Мұқаметханұлының «Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы» (Мұқаметханұлы, 2000) атты

еңбегінде қазақтардың арғы-бергі тарихы, қоныстану жағдайы, оқу-ағарту саласындағы жетістіктері, әдебиеті мен мәдениетіндегі қайраткерлердің Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейін және тәуелсіздік алғаннан кейінгі Шыңжаңдағы қазақтардың қазақ елімен мәдени-рухани қарым-қатынастары жайында жүйелі зерттелген.

Бұл мақаланың құндылығы осы тақырып шеңберінде Шыңжаңда төте жазумен және қытай тілінде жарық көрген ноталық, тарихи-этнографиялық зерттеулерді алғаш рет ғылыми айналымға енгізіп отыр. Соның ішінде тарихи-мәдени дамуына сипаттама жасалған еңбектер, мұражайлар мен мұрағаттарда сақталған деректерге баса назар аудардық. Әсіресе, Алтай, Тарбағатай, Іле, Еренқабырға өңіріндегі қазақтардың тарихынан, көшпелі тұмыс-салтынан, өнерінен, сол өңірге танымал халық композиторларының шығармашылығы жайында жарық көрген зерттеулер сұрыпталды. Біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша Шыңжаңда шыққан басылымдарды үш бағытқа бөлуге болады:

*Тарихи-этнографиялық еңбектер.* Қытай ұлтынан шыққан тарихшы-ғалым, саналы ғұмырының ұзақ жылдарын қазақтың тарихы мен мәдениетін зерттеуге арнаған, профессор Су Бихайдың «Қазақ мәдениетінің тарихы» (Бихай, 2013) атты еңбегінде, Шыңжаң жеріндегі қазақ қауымының сонау Хан Абылай хан заманынан бері сол өлкені мекендеп келгеніне тарихи деректер келтіре отырып, ондағы қазақ мәдениетінің қытай мәдениетіне қосқан орасан зор үлесі туралы дәлелдер келтіреді және Шыңжаң жерін мекендеп келген қазақтың тарихы, байырғы тұрмыс-салты, әлеуметтік және экономикалық жағдайы, мәдениеті мен өнері (*ауыз әдебиеті, музыкасы, опера және би өнері, қол өнері, отбасы, неке заңдары, діни нанымдары, мереке-мейрамдары және оған қатысты салт-жоралары т.б.*) туралы егжей-тегжейлі зерттеген.

Құрманжан Зікіриаұлы, Тұрсынжан Бәзілханұлының «Шыңырау» (Бәзілханұлы, 2000: 1-66) атты еңбегінде музыкалық-этнографиялық зерттеулер жүргізіліп, халық ішінде көнеден сақталған халық күйлерін аңызымен жинап жинақ етіп шығарды.

*Күйдің ноталық жинақтары.* Сан түрінде жазылған ноталық жүйеде төте жазуда шыққан күй жинақтары туралы зерттеулерден Дүйсенбек Тұрлықожаұлы т.б. «Күй толқыны» (Тұрлықожаұлы т.б., 1984: 1-203) және Байақын Әлімбекұлы, Халықұлы Дәулет құрастырған «Күй қайнары» (Әлімбекұлы, Халықұлы, 1985: 15-181) атты еңбектерде Алтай, Тарағатай, Іле үш аймақтағы күйшілік өнердің басында тұрған Бейсенбі Дөненбайұлы, Қайрақбай Шәлекенұлы, Қожеке Назарұлы және Әшім Дүңшіұлы қатарлы халық композиторларының қысқаша өмірбаяндары мен бірді-екілі күйлерін сандық нотаға түсіріп, ең алғаш баспа бетінен жарыққа шығарды. Мұқаш Таңғытұлының «Шығыстың шырын шертпелері» (Таңғытұлы, 2003: 32-78) атты жинағында Тарбағатай аймағы күйшілік мектебін қалыптастырған арыдағы күйшілер Қайрақбай Шәлекенұлы, Ақымжан Болдырғанұлы, Сайлыбай Далабайұлы, Заманбек Әнжанұлы, Бейісбай Шабанбайұлы, Үрістем күйші, Жұмажан Сыдықұлы, Кәсімбай Құсайынұлы, Таңғыт Мұқатұлы қатарлы халық күйшілерінің өмір тарихы мен күйлерін сандық нотада жинақ етіп шығарды. Осындай зерттеулердің дені 90-жылдарға қарай, аймақтық шеңберде зерттеуге

ойысып, Шыңжаңның әр аймағындағы белгілі деген композиторлардың шығармашылығынан ноталық жинақтар шыға бастады. Мысалы, Тарбағатай өңірінің ән-күйлерінен ноталық жинақты белгілі күйші Кәсімбай Құсайынұлы «Жайма шуақ» (Құсайынұлы, 1988: 3-180) деген атпен жарыққа шығарса, Іле өңірінде өткен белгілі күйші-композитор Әліпбек Мәлікұлының мұрасы туралы, Оқабай Тойынбаев, Дәріпбек Мәжін «Көктем шуағы» (Тойынбаев, Мәжін, 1988: 1-94), Мұхамед Әбдіқадырұлының құрастыруымен «Сыбызғы сазы» (Әбдіқадырұлы, 1991: 1-317), Іле аймағында өткен күйші Дәулет Мазақұлының өз ән-күйлерінен «Көкөзен» (Мазақұлы, 1993: 5-57), Тұрғын Камалұлының күйші Камал Мақайдың күйлері туралы шығарған «Менің домбырам» (Камалұлы, 2006: 1-43), Камал Мақайұлының Іледе өткен әйгілі күйші Әшім Дүңшіұлының мұрасы туралы жазған «Күй пірі» (Мақайұлы, 2008: 1-36), Отан Кәсімбайұлының құрастыруымен шыққан Тарбағатайдың халық композиторларының жалғасы Кәсімбай Құсайынұлының күйлері туралы «Кәсімбай ән-күйлері» (Кәсімбайұлы, 2008: 3-254), Құрманжан Зікіриаұлы, Мұқаметқан Нұрмұқанұлы, Жанар Уақапқызы құрастырған «Кеңес күйлер» (Зікіриаұлы, 2009: 1-98) атты еңбекте халық арасында сақталған және халық композиторларының тудырған «Кеңес» күйлерін аңызымен ноталық жинақ етіп шығарды. Камал Мақайұлы, Ақберді Зиятбекұлы, Еркебай Қабылжанұлының «Қоңқайдың қоңыр күйлері» (Мақайұлы, 2013: 14-170) атты еңбегінде Іле күй мектебінің басында тұрған Қоңқай Шоқырақұлының шығармашылығы зерттеліп күйлері ноталық жинақ болып жарық көрді.

*Филология саласындағы төте жазуда шыққан публицистикалық зерттеулер.* Мәселен, Жақып Мырзақанұлының «Қазақ халқы және оның салт-санасы» (Мырзақанұлы, 1992: 25-102) атты еңбегінде жалпы қазақ халқының оның ішінде Шыңжаңда өмір сүріп жатқан қазақтың тарихы мен тұрмыс-салтына, әдебиеті мен мәдениеті, өнеріне қатысты этнографиялық зерттеуде қазақтардың әкімшілік аймақтарға бөлінуі және олардан шыққан танымал өнер қайраткерлері туралы жан-жақты сипатталған.

Еркебай Қабылжанұлының «Қызай* елі тарихына қатысты деректер» (Қабылжанұлы, 1999: 201-206) еңбегінде Іледе жасап отырған Қызай елінің мәдени-тарихи тұлғалары туралы публицистикалық еңбегінде Әшім күйшінің өнердегі өмірі туралы зерттелген. Нығымет Қамзайұлы құрастырған «Саз сардары» (Қамзайұлы, 2008: 3-158) атты кітабында, Іле аймағы күй мектебінің соңғы көзі, күйші Камал Мақайұлының өнегелі өмірі мен шығармашылығы туралы жүйелі публицистикалық тұрғыдан зерттелген. Осы сияқты еңбектер болғанымен күйтану тұрғысынан Шыңжаңды тұтас тарихи-мәдени кешен ретінде қамтитын ғылыми-зерттеу еңбектері жазылмады.

**Талдау**

Шыңжаңдағы қазақтардың аспаптық музыкасы туралы бұдан бұрын толыққанды ғылыми зерттеулер болмағандықтан, олардың тарихи көшу-қону жолдары, мәдениеті мен өнерінің қалыптасу жағдайы, этникалық

* Қазіргі Шыңжаң жеріндегі Тәңіртауының солтүстік сілемін ондағы қазақтардың ежелден «Еренқабырға» деп атайды. Еренқабырға өңіріне қазіргі Оңтүстік Шыңжанның Құмыл аймағы да жатады.

қоныстану үрдісіне тоқтала кетуді жөн көрдік. Тарихи деректер көрсеткендей қазіргі Қытай мемлекетінің құрамына кіретін Шыңжаң жері ежелден Шыңжаң қазақтарының ата қонысы. Жоңғар шапқыншылығының салдарынан, ол жерлер Абылай хан заманында бір мезет жоңғардың отарына айналып, қазақтардың амалсыз өз жерлерін тастап кетуге мәжбүр болған. Ол туралы төмендегідей тарихи деректерде көрсетіледі: XVII ғасырдың екінші жартысынан XVIII ғасырдың орта шеніне дейінгі кезең жоңғарлар күшейіп, Ресей отаршылдары оңтүстік шығыстағы Шыңжаң қазақтарының жеріне ірге кеңейте түскен мезгілмен тұспа-тұс келді. Жоңғарлар Еренқабырға* тауының оң-сол қанатындағы аумақты өз қарамағына алғаннан кейін, Шыңжаң қазақтарының жеріне қарай қанды жорықтар жасалды. Сөйтіп, Шыңжаң қазақтарының жерінің шұрайлы жайылымдарын жоңғар басып алып, халық құлдық пен күйзеліске түсті. Бұл кезде қалмақтар басып алған шығыстағы иеліктерінен боса көшкен қазақ ауылдары елдің батысы және оңтүстік-батыс бағытындағы жерлерге қоныс аударып жатты (Бихай, 2013: 288-289). Жоғарыдағы деректер, қазақтардың ол жерге 1930 жылдар шамасында барған ел емес, керісінше олар Абылай хан заманынан бері байырғы атажұрттарында өсіп-өніп, салт-дәстүрін берік ұстанып келгендігін айқын көрсетеді. Сондықтан да бұл өлкені мекендеп отырған қазақтардыңнде аспаптық музыка мен ғажайып ұлттық аспап үлгілері сақталған. Әсіресе сыбызғы (*құрай*) аспабында тартылатын байырғы күйлер өте көп сақталған.

Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасының көне кезеңі бұл бақсылық өнермен байланысты болған. Шыңжаң жерінде бақсылық өнер қазірге дейін жас ұрпаққа жалғасып келеді. Бірақ бақсылық өнер қазақ даласында жойылғанымен ол орындаушылық өнердің кейбір түрлері (*жыршылық өнер*) арқасында, аспаптық музыка тарихының талқысынан өтіп, музыкалық ерекшелігін сақтап қалды. Бұл туралы өз зерттеулерінде өнертанушы ғалым Әсия Мұхамбетова былай дейді: «XIX ғасырда эпосты орындаумен байланысты аспаптық өнер өзінің тарихи даму кезеңдерінен өтіп, аталған дәуірде кең қолданыста болды. Аспаптық өнердің түп-тамыры негізінде эпикалық жырлардың кейбір үзінділерін музыкамен суреттеуден бастау алған. Уақыт өте келе бұл өнер даму барысында сөзбен түсіндіруді қажет етпейтін «жеке» шебер орындашылықтың деңгейіне жетті» (Мухамбетова, 1993). Шыңжаңдағы қазақтың рухани мәдениетін ұзақ жылдар зерттеген қытай ұлтынан шыққан ғалым Хуаң Жоңшияңның еңбектерінде бақсылық өнердің қазақтың аспаптық музыкасының қалыптасуына ықпалы жайында былай дейді: «Бүгінгі күнде бақсылар азайып, тарих сахнасынан қарасын өшіре бастады. Олар тегіндегі қасиеттерінен айырылып, тек ауруды емдеп, бал ашу сынды мардымсыз қызметтермен ғана шектеліп қалды. Десе де, олардың қазақ ауыз әдебиетіне қосқан сүбелі үлесіне көз жұма алмаймыз, Әсіресе домбыра күйін өз ішіне алған халықтық музыкасының таралуында бақсылардың атқарған қызметіне сәл қарауымызға болмайды» (Хуаң Жоңшияң, 2007) (автордың қытай тілінен аудармасы).

Шыңжаң қазақтарынде фольклорға тікелей қатысты ескі бақсылық сарындар, қараөлеңдер, жоқтау, сыңсу, ауыз әдебиет үлгілері, саятшылық өнеріне қатысты құнды мұралармен

қоса аспаптық музыкалық өнердің жақсы сақталғандығының бірден-бір себебі, қазіргі кезге дейін көшпенді өмір салтын таза ұстанғандығында. Ондағы қазақтардың төрт маусымдағы қоныс ауыстыру мезгілін ауа райын ескіше болжау әдісі арқылы реттеп отырды. Мысалы, қыс мезгілінде малға жайлы күнгей тау баурайын немесе қар аз түсетін тоғайлы жерлерді мекендесе, көктемде көктеуде, күзде күзеуде, жазда мал жілігін майлау үшін шалғынды жайлауларға көшіп-қонып тұрмыс өткізіп келеді.

Қазақтың көшпелі тұрмысындағы табиғат дүниесімен болған қарым-қатынасының өнеріне жасаған ықпалы туралы қазақ халқының дала тұрмысын жете зерттеген қытай ғалымы, профессор Хуаң Жоңшияң былай пайымдайды:

«Жаз мезгілінде, көшпенді халықтар малын шұбыртып көгінде қыран қалықтаған, жерінде шөп иісі аңқыған сахарада еркін тыныстап, табиғаттың сұлу көрінісінен ләззат алады. Мал шаруашылығы бытыраңқы және еңбек болғандықтан, малшылар құзғын ұшпастан, ел тұрмай малды өрістетіп кеште әрең үйіне қайтады, өзгелермен кездесу орайы өте аз болады. Олар тып-тыныш ортада жасап, табиғатпен етене достық байланыс орнатады. Әуелдесеңіз кей-кездері шалқалап жатып ақша бұлтпен тілдеседі, қалықтаған бүркітпен мұңдасады, кейде тау шоқыларына, бұта-бүргенге отырып күбірге басады, әдеттегі адамның көзіне тау, тас, өзен, шөп, ағаш, құс сынды табиғат дүниесіндегі нәрселер өз бейнесінде көрінсе, ал көшпенді халықтардың көзіне мұндай нәрселер сұлу қыз, атпал азамат немесе мейірімді қарт, ақжаулықты кемпірлердей болып елестейді. Табиғаттағы жансыз заттар көшпенді халықтардың қиял-дүниесінде тіпті қазақ халқы кие тұтатын түз тағылары бейнесінде елестейді, мұндай кең ортада, тұрмыс қам-қайғысыз болады. Ешқандай талас-тартыс болмайды. Мұндай ортада адамдардың қиялы қиянға шарықтап, кеңіп сала береді. Көшпенді халықтар мұндай ортаны көзінің қарашығындай қорғаумен қатар, өздерінің ерекше ойлау қиялдары арқылы тіпті әдемілеп, байытқан. Мұндай қиялдаулар ғажайып сезім пайда қылады, мұндай ғажайып сезім ән-күй шығаруға шабыт болады» (Хуаң Жоңшияң, 2009) (автордың қытай тілінен аудармасы). Тіпті Шыңжаңдағы қазақтар жаңа оқуға ХХ ғасырдың басында ғана келе бастады. Бұл туралы да белгілі ғалым Дүкен Мәсімханұлының зерттеуінде: «Шыңжаң қазақтарының арасында әлі де ұшан-теңіз фольклорлық, этнографиялық байлықтың жатқаны шүбәсіз. Себебі Шыңжаң қазақтары жаңаша мектепке тек ХХ ғасырдың 40-шы жылдарынан кейін ғана бара бастады. Қазір онда жасап отырған ағайындардың ішіндегі 60 пен 100 жас аралағындағы кісілерді көненің көзі, көшпелінің өзі деп айтуға әбден болады» (Мәсімханұлы, 2012: 294). Кейбір деректерде ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында Алаш ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы араб көне жазуын өзгертіп, төте жазу әліппесін жасап шыққаннан кейін, Шыңжаңда жаңаша оқу жалпыласа бастағаны айтылады. Осыған дейін мектептерде бұрынғы біріңғай дін оқуына қоса жаңаша ғылыми сабақтар кіргізілді (Сәмитұлы, 2000: 272). Шыңжаң қазақтарындегі домбыра және сыбызғы аспаптарында орындалатын байырғы халық күйлерінің көбі көшпенді тұрмыста халықтың тұрмыс көзіне айналған төрт-түлік малдың қадыр-қасиетіне, сұлу табиғатқа, жабайы жан-жануарларға арналғанын аңғарамыз. Дәстүрлі ұстанымдарға




**Сур.1.** Шыңжаңдағы қазақтардың қоныстанған өңірлері
**Fig.1.** Areas of Kazakh settlement in Xinjiang

негізделген ортасында бұл үрдіс, ғасырлар бойы тәрбие құралы қызметін атқаратын салттар мен ғұрыптар жүйесін қалыптастырып, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты орнатты. Тіпті олардың күнделікті тұрмысында қараөлеңінен бастап, салт-дәстүр әндерінде де эстетикалық құндылықтар қалыптасқан. Мысалы, той салтындағы жөн-жоралғылар, діни мейрамдар, қыз ұзату, адам өлімі, оны жөнелтудегі айтылатын ғұрыптық әндерге (жоқтау, көріс т.б.) дейін айтылып келеді. Соның нәтижесінде музыкалық фольклорлық мұралардың үлгілері көптеп саналады. Ақселеу Сейдімбек Шыңжаң жеріндегі күй өнері туралы былай пайымдайды: «Түрік тілдес тайпалар өзінің қанатын кеңге жайғанымен иісі түркілік рухтың ең мол сақталған өңірі сол баяғы атажұрты – Алтай, Тарбағатай, Сауыр, Сайқан, Еренқабырға таулы аймақтары, бұл аймақтағы ел-жұрт күні бүгінге дейін өмірдің байырғы салтын ғана сақтап отырған жоқ, сонымен бірге рухани үрдістерде де дәстүрлі қасиеттерінен жаңылмаған. Мұның жарқын айғағын бір ғана күй өнеріне ден қою арқылы аңғаруға болады» (Сейдімбек, 2002: 451). Сондай рухани құндылықтарды жинау жұмыстары Шыңжаңның әр аймағында әртүрлі кезеңдерде жүзгізілді. Мысалы, қазіргі Іле қазақ автономиялы облысындағы көркемөнер зерттеу институты 1950 жылдары құрылып, сол жылдардан бастап ел арасындағы рухани мұраларды жинау жұмыстарын жүргізді, 1980-1984 жылдар




**Сур.2.** Алтай аймағы Шыңжаң қазақтарының аспаптық (сыбызғы, домбыра) музыкасының бөлінуі
**Fig.2.** Regional distribution of Kazakh instrumental music (sybyzgy and dombra) in the Altay area of Xinjiang

аралығында «Алтай аясы» журналының жариялаған дерегінде: «130 беташар, 80-нен артық аужар-сарындары, 211 қара өлең, 40 естірту, 47 халық әні, 23 бесік жыры» (Жамбозұлы, 1995) т.б. музыкалық фольклорлық мұраларды жинағаны жазылған. Осындай көшпелі өмірдің қағидаттарын берік ұстанған Шыңжаңдағы қазақтардың аспаптық музыкасында, XIX ғасырда өзіндік аймақтық орындаушылық мектептердің қалыптасуына (бастауларына) ықпал еткен халық композиторлары болды.

## Нәтижелер

*Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкасының аймақтық бөлінуі*

Аспаптық музыкасы негізінен Алтай, Тарбағатай, Іле, Құмыл аймақтары мен Санжы облысы, Гансу өлкесі сияқты үлкен 4 аймақ, 1 облыс, 1 өлкеге бөліп қарастырылады.

**Алтай аймағы** – Шіңгіл ауданы, Көктоғай ауданы, Бурылтоғай ауданы, Жеменей ауданы, Қаба ауданы, Буыршын ауданы қатарлы алты аудан, бір қаладан құралған, орталығы – қазіргі Алтай қаласы. Жазы салқын қысы суық болатын Алтайдың әсем табиғаты көз тартады. Айбынды Алтай тауының шығысы Моңғол Халық Республикасына, батысы Қазақстанға сұғынады. Жоғарыда аталған аудандарда қазақтардың (7-суретті қараңыз) салт-дәстүр мен

* Сыбызғы мен домбыра аспабын тел меңгерген және ғажайып туындылар жаратқан тұлға.




**Сур.3.** Тарбағатай аймағы Шыңжаң қазақтарының аспаптық (сыбызғы, домбыра) музыкасының бөлінуі
**Fig.3.** Regional distribution of Kazakh instrumental music (sybyzgy and dombra) in the Tarbagatai area of Xinjiang

рухани мәдениеттің қаймағын бұзбай сақтап келеді. Алтай өңірінің аспаптық музыкасы қазақтың домбыра және сыбызғы аспабында жеткен. Бізге жеткен дерек бойынша аймақтың күйшілік мектебінің ірі тұлғасы Бейсенбі Дөненбайұлы (1803-1872). Алтай аймағы Буыршын ауданында дүниеге келген. Әкесі Дөненбай ел арасында домбырашы болған. Бейсенбіден таралатын Алтайдың күй өнерін жалғаған күйшілер, аймақтың аспаптық музыкасының байырғы орындаушылық ерекшеліктерін сақтап, жас ұрпаққа жеткізіп отыр.

Ғылыми зерттеуге байланысты анықталғандай, Алтай өңірінде 200 үстінде ескі халық күйлері сақталған. Бұл күйлер жоғарыда айтқанымыздай тақырыптық, мазмұндық және орындаушылық жағынан өзінің байырғы ескілік қасиетін сақтап келген. Көбі теріс бұрауда бұрыннан далалық күйшілікте қалыптасқан шертпе күйде қолданылатын қара шертіспен орындалады.

Тарбағатай аймағы – Қазақстанның Семей өңірінен басталып, қазіргі Шыңжаң өлкесінің Тарбағатай аймағын толығымен қамтиды. Қазіргі шартты түрде Қытайға қарасты Тарбағатай өңірі Тарбағатай аймағы деп аталады. Тарбағатай аймағы Дөрбілжін ауданы, Толы ауданы, Қобықсары ауданы, Сауан ауданы, Шағантоғай ауданы, Шиху қалашығы қатарлы 5 аудан бір



**Сур.4.** Оңнан солға қарай: сыбызғышы Жұмағазы Бейілханұлы, Бейілхан Қалиәкпарұлы және немересі Нұрәкрам Жұмағазыұлы. ҚХР Үрімжі Аспантекше тауы. 2014 ж. Ардаби Маулеттің Еренқабырға қазақтарының рухани мұрасын жинау экспедициясы материалынан.
**Fig.4.** From right to left: sybyzgy player Zhumagazy Beilkhanuly, Beilkhan Kaliakparuly, and his grandson Nurakram Zhumagazyuly. Aspantekshe Mountain, Urumqi, PRC. 2014.
From the materials of Ardabi Maulet's expedition to collect the spiritual heritage of the Erenkabyrga Kazakhs



**Сур.5.** Жеті атасынан сыбызғышылық өнерін жалғастырушы, сыбызғышы Бейілхан Қалиәкпарұлы. ҚХР Үрімжі ауданы Ұланбай ауылының тұрғыны.
**Fig.5.** Sybyzgy player Beilkhan Kaliakparuly, continuing the sybyzgy playing tradition from his seven ancestors. Resident of Ulanbay village, Urumqi district, PRC.



**Сур.6.** Төрт атасынан бері сыбызғышылық қонған, сыбызғышы Құсыман Мақпырзаұлы. ҚХР Үрімжі ауданы Ұланбай ауылының тұрғыны.
**Fig.6.** Sybyzgy player Kusyman Makpirzayuly, who has inherited the sybyzgy tradition from his four ancestors. Resident of Ulanbay village, Urumqi district, PRC.

қалашықтан құралып, орталығы – қазіргі Шәуешек қаласы. Жоғарыда аталған аудандарда қазақтың орта жүз (7 сур.) рулары жиі қоныстанған.

Қайрақбай Шәлекенұлы – Тарбағатай аспаптық музыкасының басында тұрған күйші, 1828 жылы Тарбағатай аймағының Терісайрық деген жерінде дүниеге келген. Қайрақбай* руы жағынан орта жүз найманның ішінде төрт Төлегетайдың бірі – Қаракерей, оның ішінде Мәметек аталығынан тарайды. Қайрақбай 13 жасқа толған шағында, елде үлкен той болып баласының бағын сынамақ болған Шәлекен Қайрақбайды ертіп, Шотан төре мен Бабық сыншы отырған үйге әдейілеп кіріп, екі жұмысын айтады. Бірі баласына сәлем бергізу болса және бірі сыбызғы тартқызу болатын. Үлкендер жағы рұқсат еткесін Қайрақбай сыбызғыда білетін күйлерін тартып береді. Қатты риза болған Бабық би баланы өз тәрбиесіне алады. Бұл 1841 жыл болатын. Содан Қайрақбай бидің тәрбиесінде 5 жыл болады. Осы уақытта ел арасындағы әлеуметтік, қоғамдық істерден көп сауатын ашып, талайлаған дау-шарлардың нүктесі қойылған шешімдерге куә болып, ел басқару ісін меңгереді және асыл арманы күйшілігін жетілдіреді. 18 жасында бала Қайрақбай құн кесу ісіне араласып, билер жағының сынағынан сүрінбей өтеді. Сол жылы найман Тана би Қайрақбайды өз жанына алып 4 жыл тәрбиелеп, 1850 жылы 22 жасында болыстыққа ұсынылып, Тарбағатай еліндегі найман еліне болыс болып сайланады. Содан 8 жыл қатарынан болыс болып, 1858 жылы әділдігі арқасында Тарбағатайдағы болыстарға Төбе би болып сайланады (Әлімбекұлы, Халықұлы, 1985: 77-82).

Шыңжаң қазақтарында бүгінгі күнге дейін, сыбызғы аспабында күй орындау дәстүрі атадан балаға жалғасын тапқан ұлттық өнер ретінде сақталып келеді. XIX ғасырларда сыбызғы аспабынан туған музыка мен оның мұрагерлері туралы халық арасында ғажайып аңыздар да сақталған. Сондай аңыздардың бірі - Қайрақбай күйші туралы болған. Халық арасында «Қайрақбай




**Сур.7.** Іле аймағы Шыңжаң қазақтарының аспаптық (сыбызғы, домбыра) музыкасының бөлінуі.
**Fig.7.** Distribution of instrumental (sybyzgy, dombra) music among the Kazakhs of the Ili region, Xinjiang.




**Сур.8.** Құмыл аймағы Баркөл қазақ автономиялы ауданындағы Шыңжаң қазақтарының аспаптық (сыбызғы, домбыра) музыка өкілдері.
**Fig.8.** Representatives of instrumental (sybyzgy, dombra) music of the Kazakhs of Xinjiang in the Barkol Kazakh Autonomous County, Kumul region.

**Санжы өңірі (Еренқабырға өңірі) күйшілік мектебінің өкілдері**




**Жасаған: Ардаби Мәулетұлы, Көкбөрі Мұбарак**

**Сур.9.** Еренқабырға өңірінің (қазіргі Санжы дүңген автономиялы облысы) Шыңжаң қазақтарының аспаптық (сыбызғы, домбыра) музыкасының бөлінуі.
**Fig.9.** Distribution of instrumental (sybyzgy, dombra) music among the Kazakhs of Xinjiang in the Erenqabyrga region (present-day Sanji Dungan Autonomous Prefecture).




**Сур.10.** Шыңжаңдағы қазақ руларының қоныстануы.
**Fig.10.** Settlement of Kazakh clans in Xinjiang.

сыбызғы тартқанда, жүріп келе жатқан жылқылар, күйдің әуеніне елітіп, тыңдап тұрып қалады. Күйші өзінің туған ауылы Қызылшалыда тұрып сыбызғы тартқанда, арасы 4-5 шақырым келетін Ермендінің даласына еркін естіледі екен» (Әлімбекұлы, Халықұлы, 1985: 77) деген аңыздар бар.

**Іле аймағы** – Іле Қазақ автономиялы облысы Қазақстанның Жетісу өңірімен жапсарлас жатыр. Іле дәриясының басы Қазақстанның Мұзтауынан басталып, Іле қазақ автономиялы облысы Текес ауданы арқылы жолай Қас, Күнес, өзендерін қосып алып, Құлжа қаласын басып өтіп, Шапшал, Қорғас аудандары арқылы Алматы облысы Қапшағай көліне, одан ары Балқашқа құяды. Жазы жауыны мол, қысы жылы құнарлы аймақ. Қорғас, Шапшал, Күнес, Тоғызтарау, Текес, Нылқы, Құлжа аудандары Монғолкүре қатарлы сегіз аудан бір қаладан құралып, орталығы Құлжа қаласында орналасқан. Іледе қазақтың орта жүз және ұлы жүз (7 сур.) рулары қоныстанған. Бұндағы қазақтардың тіршілік көзі негізінен көшпелі мал шаруашылығы және жартылай отырықшы егін шаруашылығы.

XIX ғасырда Іле аймағы аспаптық музыкасының бастау көзін қалыптастырған Қоңқай Шоқырақұлы (1838-1914), Қожеке Назарұлы (1823-1881), Мазақ Жалғабайұлы (1874-1937), Тілеміс Есенұлы (1863-1920), Тергеусіз Бәлекейұлы (1886-1947) сияқты халық композиторлары (күйшілер) өз дәуіріндегі қазақ қоғамында өнер иесі ғана емес, елдің ағарту ісіне, мәдениетіне зор үлес қосқан тұлғалар. XIX ғасырдағы Шыңжаң қазақтарының көшпенді тұрмыс-салтын таза сақтаған ұлттық құндылықтары туралы ғалым Ду Яшюңның мына пайымы растай түсетіндей: «..Қазақ халқы ұзақ тарихи даму барсында, өз ұлтының дала көшпенді мәдениеті сыйпатына ие халықтық музыкасының морфологиясын қалыптастырды (Ду Яшюң, 2002: 89) (*автордың қытай тілінен аудармасы*).

**Құмыл аймағы** – Оңтүстік Шыңжаң өңірінде орналасқан. Құмыл аймағының орталығы Құмыл қаласында ұйғыр түріктері көптеп қоныстанса, қазақтар Еренқабырға тауын бойлай мекендеп малшаруашылығын негіз етіп, көшпелі тұрмыс кешіріп келеді. Қазіргі Құмыл аймағында Баркөл қазақ автономиялы ауданы бар. Құмылда қазақтың орта жүз (7 сур.) рулары қоныстанған. Бұл өңірде қазақтың сыбызғышылықпен қоса домбыра күйлері жақсы дамыған.

**Санжы облысы** – Санжы облысы Шыңжаңның қазіргі орталығы Үрімжі қаласына 30 км жерде орналасып әкімшілік жағынан Санжы Дүнген автономиялы облысы деп аталады. Бұл облыста мекендеген қазақтар Еренқабырға тауының батыс жақ сілемін мекендеп, ұлттық салт-дәстүрді берік сақтаған. Бұл қазақтарда домбырашылық өнермен қоса сыбызғышылық дәстүрдің өте үлкен шоғыры қалыптасқан. Санжыда қазақтың орта жүз (7 сур.) рулары қоныстанған.

Сыбызғы және домбыра аспабында тартылатын халық күйлері бейнелейтін тақырыбы жағынан 5 топқа бөлінеді:

1) Төрт түлік малға оның ішінде жылқы жануарының қасиетіне арналған күйлер;

2) Адам есімімен баланысты жылқы жануарына арналған күйлер;

3) Табиғаттағы жан-жануарларға, құстарға арналған күйлер;

4) Жер-су аттарына табиғат көріністеріне арналған күйлер;

5) Белгілі оқиғаларға арналған тармақты күйлер.

Өз кезегінде Шыңжаңдағы қазақ

руханиятының қазақ елінің рухани ортасымен тікелей тамырласып ұлт тұтастығына, бірегейлігіне қызмет ететінін аңғартады. Дегенмен, XIX ғасырдан қалыбын бұзбай жеткен Шыңжаңдағы қазақ руханияты, XX ғасырдың 58-75-ші жылдары аралығында солақай саясаттың салдарынан болған «Мәдениет төңкерісі» - не ұшырап қыруар ұлттық құндылықтарымыздан айырылды. Сондықтан рухани мұраларды жинау жұмыстарының XX ғасырдың 50-ші жылдары жүргізілген бірінші кезеңінде күрт тоқтап, 80-ші жылдарға келгенде қайта қолға алынды. Бірақ көшпелі тіршілігін сақтаған қазақтар, өнердің не бір хикметтерін ауызекі таратудың арқасында қайта жаңғыра бастады.

## Қорытынды

Шыңжаң өңірінің аспаптық музыкалық өнерінің қалыптасуының тарихи-мәдени негіздері қоныстану тарихы мен көшпелі өмір салты аясында жан-жақтылы зерделенді және еліміз тәуелсіздікалғанғадейінгі,болашақтаары қарай жиналуы, зерттелуі қарастырылды. Өлкенің жергілікті этно-аймақтық құрылымы мен тарихы, әлеуметтік жағдайларымен тығыз байланысты. Зерттелген материалдардың негізгі бағыты – аталған өңірдің Іле, Алтай, Тарбағатай аймақтары, Санжы облысы, Еренқабырға өңірі, Гансу өлкесіндегі аспаптық музыкаға және оның арыдағы ірі өкілдеріне шынайы ғылыми тұрғыда талдаулар жасалып, сараптама берілді.

Бұл ғылыми зерттеуде алға қойылған негізгі мақсатқа сай – Шыңжаң қазақтарының аспаптық музыкалық мұрасының тарихи-мәдени дамуы, аймақтық орындаушылық мектептерге бөлінуі және өзіндік қолтаңба, көркем стиль қалыптастырған тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығына тарихи шолу жасалды. Аталған тақырыптың күллі түрік халқының өнертану, мәдениеттану, тарих ғылымына аса қажетті екенін ескерсек, қазақтың ұлттық аспабы сыбызғы, домбыра дәстүріне тән саздық-мақамдық ерекшеліктерін, аталған өңірдің айырықша аймақтық орнын даралап көрсету арқылы ұлттық бірегейліктінығайтужолынтұжырымдау туралы жалғасты зерттеулерді жасау қажет екені айқындалды.

### Әдебиет


1. Абдоллаұлы. Қ., 2006. Бейсенбі күйлері. Шыңжаң халық баспасы. 10-11 бб.
2. Алдабек Н., 2003. Тарихы талқыға толы Шыңжаң. Алматы: Қазақ университеті баспасы. 433 б.
3. Аравин П., 1970. Жанр казахской инструментальный музыки. Алма-Ата. 230 б.
4. Әлімбекұлы Б., Халықұлы Д., 1985. Күй қайнары. Әйгілі халық композиторларының күйлері. – Күйтүн: Іле халық баспасы. 241 б.
5. Әбдіқадырұлы М., 1991. Сыбызғы сазы. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. 317 б.
6. Әбуғазы М., 2009. Шығыстың шыңырау күйлері. Өскемен. 303 б.
7. Әбуғазы М., 2016. Қазақтың домбыра өнері. Алматы: Нұрсәт. 480 б.
8. Әбуғазы М., Мәулетұлы А., 2008. Әшім және Іле аймағының күйлері. Алматы: Лем баспасы.
9. Әзібаева Б., 2014. Шетелдегі қазақ фольклоры: монография. Алматы: Evo Press. 452 б.
10. Балтабаева К., Қоңырбаева К. 2012. Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Алматы:

Атажұрт. 376 б.
11. Бекенов У., 1981. Күй табиғаты. Алматы: Өнер. 173 б.
12. Бекхожина Т., 1996. Даламның назды саздары. Алматы: Өнер. 204 б.
13. Бекенов Д., 1998. Іле қазақтарының күйлері. Алматы: Өнер. 142 б.
14. Бөденбай С., 2009. Қоңыр әуен. Шыңжаң: Іле халық баспасы. 365 б.
15. Бихай С., 2013. Қазақ мәдениетінің тарихы. Алматы: Дәуір-кітап баспасы. 496 б.
16. Ду Яшюң. 2002. Қытайдағы аз ұлттар музыкасының жалпы жағдайы. Шаңхай: Шаңхай музыка баспасы. 89 б. (Қытай тілінде: 杜亚雄. 中国少数民族音乐概论. - 上海: 上海音乐出版社, 2002. - 89 页.)
17. Ерзакович Б., Қоспақов, З., 1986. Қазақ музыка фольклорының тарихнамасы. Алматы: Ғылым. 112 б.
18. Жүзбай Ж., 2009. Шертпе күйдің төрт мектебі. Зерттеулер және күйлер жинағы. Астана: Сарыарқа. 116 б.
19. Жүзбай Ж., 2010. Ұстаздың педагогикалық репертуары. Музыка колледжінің оқушыларына арналған шертпе күйлер жинағы. Астана: Күлтегін баспасы. 76 б.
20. Жамбозұлы К., 1995. Алтай аясы // Алтай аймағы. № 4. 57 б.
21. Зікіриаұлы, Қ., Бәзілханұлы Т., 2000. Шыңырау. Халық күйлерінен музыкалық-этнографиялық жинақ. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. 144 б.
22. Зікіриаұлы Қ., 2009. Кеңес күйлер. Шыңжаң: Іле халық баспасы. 106 б.
23. Затаевич А., 2002. 500 песен и кюев казахского народа. Алматы: Дайк-Пресс. 378 с.
24. Игілік Б. 2011. Алыстағы шұғыла. Шыңжаң қазақтарының күйлері. Алматы: Інжу-маржан. 311 б.
25. Кәсімбайұлы Д., 2010. Кәсімбай шығармалары. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 292 б.
26. Камалұлы Т., 2006. Менің домбырам. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 65 б.
27. Кенешұлы Д., Ысқақов Б., 2009. Алтай-Тарбағатай өңірінің домбыра күйлері. Бірінші кітап. Алматы: Атамұра. 412 б.
28. Кәсімбайұлы О., 2008. Кәсімбай ән-күйлері. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 317 б.
29. Қамзайұлы Н., 2008. Саз сардары. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. 196 б.
30. Кәсімбайұлы Д., 2010. Кәсімбай шығармалары. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 292 б.
31. Қазақтың дәстүрлі 1000 күйі антология. 2009. Алматы: EL production company, Ltd. 41 CDEL production company.
32. Құсайынұлы К., 1988. Жайма шуақ. Әндер мен күйлер // Тарбағатай журналы. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 190 б.
33. Қабылжанұлы Е., 1999. Қызай елі тарихына қатысты деректер. Шыңжаң: Іле аймақтық 1-педагогикалық мектебі баспасы. 201-206 бб.
34. Мырзаханұлы Ж., 1992. Қазақ халқы және оның салт-санасы. ҚХР Үрімжі: Халық баспасы. 324 б.
35. Мазақ Д., 1993. Көк өзен. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. 118 б.
36. Мақайұлы К., 2008. Күй пірі. Әшім Дүңшіұлының күйлері. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 49 б.
37. Мақайұлы К., 2016. Шертпе күйдің алыбы Әшім. Әшім Дүңшіұлының дүниеге келгеніне 120 жыл. Шыңжаң: Іле газеті баспасы. 224 б.
38. Мыңжани Н., 1986. Қазақтың қысқаша тарихы. Үрімжі: Халық баспасы. 547 б.
39. Мәсімханұлы Д., 2012. Еуразиялық өркениет – ежелгі түркі және қытай елінің рухани қарым-қатынасы. Астана: Фолиант баспасы. 210 б.
40. Мүптекеев Б., 1998. Жетісу күйлері. Алматы: Өнер.
41. Мүптекеев Б., 2014. Әке арманы. Астана: ҚазҰӨУ.156 б.
42. Маулет А., Негыманов Е., 2010. Тарбағатай аймағы күйшілік мектебінің калыптасуы //

V Халықаралық «Сейтен тағылымдары» ғылыми-практикалық конференция материалдары. Көкшетау қаласы: Мир печати. 61-66 бб.

43. Мухамбетова А., 1993. Некоторые эстетические проблемы казахской инструментальной культуры // Кочевники. Эстетика: Познание мире традицинным казахским исскусством. Алматы: Ғылым. С. 160-168.

44. Maulet A., Smakova Z. N., Junussova B. B., Karsakbayeva A.A., Rakymzhan A., 2016. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International journal of environmental & science education. Vol. 11. № 18. Pp. 11449-11465.

45. Марғұлан, Ә., 1985. Ежелгі жыр аңыздар. Алматы: Жазушы. 368 б.

46. Мәсімханұлы Д., 2005. Сөз желкен. Алматы: Өлке баспасы. 192 б.

47. Мақайұлы К., 2013. Қоңқайдың қоңыр күйлері. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 281 б.

48. Мұқаметханұлы Н., 2000. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж). Алматы: ҚАЗақпарат баспасы. 333 б.

49. Нүсіпоқасұлы А., 2002. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. Үрімжі: Шыңжаң жастар-өрендер баспасы. 372-373 бб.

50. Оралбек Ж., 1996. Тырналар. Ән-күйлер жинағы. Күйтүн: Іле халық баспасы. 184 б.

51. Радлов В., 1993. Алтын сандық. Алматы: Ана тілі. 256 б.

52. Сейдімбек А., 2002. Қазақтың күй өнері. Монография. Астана: Күлтегін. 165 б.

53. Сейітқазинұлы Қ., 2000. Күйші баба Бәзғалам және оның күйлері жайында // Тарбағатай газеті. 23 б.

54. Сәмитұлы Ж., 2009. Қытайдағы қазақтар. Алматы: Атажұрт баспасы. 312 б.

55. Тұрлықожаұлы Д., 1984. Күй толқыны. Шыңжаң: Жастар. 224 б.

56. Тойынбаев О., Мәжін Д., 1988. Көктем шуағы. Әндер мен күйлер жинағы. Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы. 95 б.

57. Таңғытұлы М., 2003. Шығыстың шырын шертпелері. Зерттеу мақалалар. Шәуешек баспасы. 107 б.

58. Тоқтабаев С., 2008. Дала дарабоздарының екі реткі кездесуі // Іле газеті 15 ақпан.

59. Уәлиханов Ш., 1980. Таңдамалы. Алматы. 154-156 бб.

60. Хуаң Жоңшяң. 2009. Таралу формалары және жырлау дәстүрі - Қазақтың жыршыларын тексеріп зерттеуі. Пекин: Ұлттар баспасы. 34-35 бб. (黄中祥. 哈萨克英雄史诗与草原文化. - 北京: 中央编译出版社，2007. – 117). 黄中祥. 传承方式与演唱传统・哈萨克族民间演唱艺人调查研究, 民族出版社, - 北京: -2009年11月， 页34-35.

61. Шетел қазақтарының өнері: музыка мәдениеті. 2014. 1 - кітап. Ұжымдық монография. Алматы: Қазақ университеті. 424 б.

## References

1. Abdollayuly Q., 2006. Beisenbi kuyleri [Thursday Moods]. Shyngjan khalyq baspasy, pp. 10–11. [in Kazakh]

2. Aldabek N., 2003. Tarihy talqyga toly Shyngjan [Xinjiang Full of Historical Debates]. Almaty: Qazaq universiteti baspasy. 433 p. [in Kazakh]

3. Aravin P., 1970. Zhanr kazakhskoi instrumentalnoi muzyki [Genre of Kazakh Instrumental Music]. Alma-Ata. 230 p. [in Russian]

4. Alimbekuly, B., Khalyquly D., 1985. Kuy qaynary. Aygili khalyq kompozitorlarynyn kuyleri [Source of Melodies: Famous Folk Composers' Pieces]. Kuytun: Ile khalyq baspasy. 241 p. [in Kazakh]

5. Abdiqadyruly, M., 1991. Sybyzgy sazy [The Melody of the Sybyzgy]. Urimzhi: Shyngjan zhastar-orender baspasy. 317 p. [in Kazakh]

6. Abugazy M., 2009. Shygystyn shynyrau kuileri [The Deep Melodies of the East]. Oskemen.

303 p. [in Kazakh]
7. Abugazy M., 2016. Qazaqtyn dombyra oneri [Kazakh Dombra Art]. Almaty: Nursaıt. 480 p. [in Kazakh]
8. Abugazy M., Mauletuly A., 2008. Ashim jane Ile aımagynyn kuıleri [Ashim and the Melodies of the Ili Region]. Almaty: Lem baspasy. 56 p. [in Kazakh]
9. Azıbaeva B., 2014. Sheteldegi qazaq folklory: monografııa [Kazakh Folklore Abroad: Monograph]. Almaty: Evo Press. 452 p. [in Kazakh]
10. Baltabaeva K., Qonyrbaeva K., 2012. Qazaqstan jane sheteldegi qazaqtar [Kazakhstan and Kazakhs Abroad]. Almaty: Atajurt. 376 p. [in Kazakh]
11. Bekenov U., 1981. Kuı tabigaty [The Nature of the Kui]. Almaty: Oner. 173 p. [in Kazakh]
12. Bekhozhina T., 1996. Dalámnyn názdy sazdary [The Graceful Tunes of My Steppe]. Almaty: Oner. 204 p. [in Kazakh]
13. Bekenov D., 1998. Ile qazaqtarynyn kuıleri [The Melodies of Ili Kazakhs]. Almaty: Oner. 142 p. [in Kazakh]
14. Bodenbaı S., 2009. Qonyr ayen [The Melancholy Melody]. Shynjan: Ile khalyq baspasy. 365 p. [in Kazakh]
15. Bikhai S., 2013. Qazaq madienetinin tarıhy [The History of Kazakh Culture]. Almaty: Dauir-kıtap baspasy. 496 p. [in Kazakh]
16. Du Yashyn, 2002. Qytaıdagy az ultar muzykasynyn jalpy jagdaıy [General Overview of Music of Minorities in China]. Shanhaı: Shanhaı muzyka baspasy. 89 p. (Qytai tilinde: 杜亚雄. 中国少数民族音乐概论. - 上海: 上海音乐出版社， 2002. - 89 页. ) [in Chinese]
17. Erzakovich B., Qospaqov Z., 1986. Qazaq muzyka folklorynyn tarihnamasy [Historiography of Kazakh Music Folklore]. Almaty: Gylym. 112 p. [in Kazakh]
18. Juzbaı J., 2009. Shertpe kuıdin tort mektebi. Zertteyler jane kuıler jinagy [The Four Schools of Shertpe Kui. Studies and Collections of Melodies]. Astana: Saryarqa. 116 p. [in Kazakh]
19. Juzbaı J., 2010. Ustazdyn pedagogikalyq repertyary. Muzyka kolledjinin oqyshylaryna arnalgan shertpe kuıler jinagy [The Teacher’s Pedagogical Repertoire. A Collection of Shertpe Kui for Music College Students]. Astana: Kultegin baspasy. 76 p. [in Kazakh]
20. Jambozuly K., 1995. Altaı aıasy [Echoes of Altai] // Altai Aımagy. № 4. 57 p. [in Kazakh]
21. Zikırıauly Q., Bazılhanuly T., 2000. Shynyrau. Khalyq kuılerinan muzykalıq-etnografııalyq jinaq [Shynyrau. A Musical-Ethnographic Collection of Folk Melodies]. Urimji: Shynjan jastar-orender baspasy. 144 p. [in Kazakh]
22. Zikırıauly Q., 2009. Kenes kuıleri [Soviet Melodies]. Shynjan: Ile khalyq baspasy. 106 p. [in Kazakh]
23. Zataevich A., 2002. 500 pesen i kıoev kazahskogo naroda [500 Songs and Melodies of the Kazakh People]. Almaty: Daık-Press. 378 p. [in Russian]
24. Igilik B., 2011. Alystagy shugyla [Distant Radiance. Melodies of Kazakhs from Xinjiang]. Almaty: İnzhy-marzhan. 311p. [in Kazakh]
25. Kasımbaiuly D., 2010. Kasımbai shygarmalary [Works of Kasımbai]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 292 p. [in Kazakh]
26. Kamaluly T., 2006. Menin dombyram [My Dombra]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 65 p. [in Kazakh]
27. Keneshuly D., Ysqaqov B., 2009. Altai-Tarbagatai onirinin dombyra kuıleri. Birinshi kitap [Dombra Melodies of the Altai-Tarbagatai Region. Volume One]. Almaty: Atamura. 412 p. [in Kazakh]
28. Kasımbaiuly O., 2008. Kasımbai an-kuıleri [Songs and Melodies of Kasımbai]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 317 p. [in Kazakh]
29. Qamzaıuly N., 2008. Saz sardary [Master of Melody]. Urimji: Shynjan jastar-orender baspasy.

196 p. [in Kazakh]
30. Kasımbaiuly D., 2010. Kasımbai shygarmalary [Works of Kasımbai]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 292 p. [in Kazakh]
31. Qazaqtyn dasturli 1000 kuyi antologiiasy. 2009. [Anthology of 1000 Traditional Kazakh Melodies]. EL Production Company. 41 CDEL production company [in Kazakh]
32. Qusaıynuly K., 1988. Jaıma shyaq. Ander men kuıler // Tarbagatai jyrnaly [Gentle Warmth. Collection of Songs and Melodies // Tarbagatai Journal]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 190 p. [in Kazakh]
33. Qabyljanuly E., 1999. Qyzaı eli tarıhyna qatıstı derekter [Data on the History of the Qyzaı Tribe]. Shynjan: Ile aımaqtyq 1-pedagogikalyq mektebi baspasy. 201–206 pp. [in Kazakh]
34. Myrzahanuly J., 1992. Qazaq halky jane onyn salt-sanasy [The Kazakh People and Their Traditions]. QHR Urimji: Khalyq baspasy. 324 p. [in Kazakh]
35. Mazaq D., 1993. Kok ozen [The Blue River]. Urimji: Shynjan jastar-orender baspasy. 118 p. [in Kazakh]
36. Maqaıuly K., 2008. Kuı pirı. Ashim Dunshiulynyn kuıleri [The Master of Kui. Melodies of Ashim Dunshiuly]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 49 p. [in Kazakh]
37. Maqaıuly K., 2016. Shertpe kuıdin alyby Ashim. Ashim Dunshiulynyn duniege kelgenine 120 jyl [Ashim – the Giant of Shertpe Kui. 120th Anniversary of Ashim Dunshiuly's Birth]. Shynjan: Ile gazetı baspasy. 224 p. [in Kazakh]
38. Mynjanı N., 1986. Qazaqtyn qysqasha tarıhy [A Brief History of the Kazakhs]. Urimji: Khalyq baspasy. 547 p. [in Kazakh]
39. Masımkhanuly D., 2012. Eyrazıalyq orkenıet – ezhelgi turki jane qytaı elinin rykhani qarym-qatynasy [Eurasian Civilization – the Spiritual Relationship of the Ancient Turkic and Chinese Worlds]. Astana: Foliant baspasy. 210 p. [in Kazakh]
40. Muptekeev B., 1998. Jetısu kuıleri [Melodies of Jetisu]. Almaty: Oner. 9 p. [in Kazakh]
41. Muptekeev B., 2014. Ake armany [A Father’s Dream]. Astana: QazUOU. 156 p. [in Kazakh]
42. Maulet A., Negymanov E., 2010. Tarbagatai aımagy kuıshilik mektebinin qalyptasyy // V Halyqaralyq "Seıten tagylymdary" gylymi-praktikalyq konferentsıa materialdary [Formation of the Tarbagatai Regional Kui School // V International “Seiten Legacy” Scientific-Practical Conference Proceedings]. Kokshetay qalasy: Mir pechati. Pp. 61–66. [in Kazakh]
43. Mukhambetova A., 1993. Nekotorye ėsteticheskie problemy kazakhskoi instrumental'noi kul'tury // Kochevniki. Ėstetika: Poznanie mira traditsionnym kazakhskim iskusstvom [Some Aesthetic Problems of Kazakh Instrumental Culture // Nomads. Aesthetics: Understanding the World Through Traditional Kazakh Art]. Almaty: Gylym. Pp. 160–168. [in Russian]
44. Maulet A., Smakova Z. N., Junussova B. B., Karsakbayeva A. A., Rakymzhan A., 2016. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental & Science Education. Vol. 11, No. 18. pp. 11449–11465.
45. Margulan A., 1985. Ezhelgi jyr anyzdar / Red. Berdıbaev, R. [Ancient Epic Legends / Ed. R. Berdibaev]. Almaty: Jazyshy. 368 p. [in Kazakh]
46. Masımkhanuly D., 2005. Soz jelken [The Sail of Words]. Almaty: Olke baspasy. 192 p. [in Kazakh]
47. Maqaıuly K., 2013. Qonqaıdyn qonyr kuıleri [The Melancholic Melodies of Qonqaı]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 281 p. [in Kazakh]
48. Muqamethanuly N., 2000. Qytaıdagy qazaqtardyn qogamdyq tarıhy (1860–1920 zhzh.) [The Social History of the Kazakhs in China (1860–1920)]. Almaty: QAZaqparat baspasy. 333 p. [in Kazakh]
49. Nusıpoqasuly A., 2002. Agash besikten jer besikke deıin [From the Wooden Cradle to the Earthly Cradle]. Urimji: Shynjan jastar-orender baspasy. pp. 372–373. [in Kazakh]

50. Oralbek J., 1996. Tyrnalar. An-kuıler jinagy [The Cranes. A Collection of Songs and Kuis]. Kuıtun: Ile khalyq baspasy. 184 p. [in Kazakh]

51. Radlov V., 1993. Altyn sandyq / Red. Qasqabasov, S., Islamjanuly, K. [The Golden Chest / Ed. S. Qasqabasov, K. Islamjanuly]. Almaty: Ana tili. 256 p. [in Kazakh]

52. Seıdimbek A., 2002. Qazaqtyn kuı oneri. Monografııa [The Art of Kazakh Kui. A Monograph]. Astana: Kultegin. 165 p. [in Kazakh]

53. Seıitqazynuly Q., 2000. Kuıshi baba Bazgalam jane onyn kuıleri jaıynda // Tarbagataı gazetı [About the Kui Master Bazgalam and His Melodies // Tarbagatai Newspaper]. 23 p. [in Kazakh]

54. Samituly J., Qytaıdagy qazaqtar [Kazakhs in China]. Almaty: Atajurt baspasy. 312 p. [in Kazakh]

55. Turlyqojauly D., 1984. Kuı tolqyny [Wave of Melodies]. Shynjan: Jastar. 224 p. [in Kazakh]

56. Toıynbaev O., Majin, D., 1988. Koktem shyaqy. Ander men kuıler jinagy [Spring Radiance. Collection of Songs and Kuis]. Urimji: Shynjan khalyq baspasy. 95 p. [in Kazakh]

57. Tangytuly M., 2003. Shygystyn shyryn shertpeleri. Zerttey maqalalar [The Delicate Pluckings of the East. Research Articles]. Shayeshek: Shayeshek baspasy. 107 p. [in Kazakh]

58. Toqtabaev S., 2008. Dala darabozdarynyn eki retki kezdesyi // Ile gazeti 15 aqpan [Two Meetings of the Great Masters of the Steppe // Ile Newspaper, February 15]. [in Kazakh]

59. Ualikhanov Sh., 1980. Tandamaly [Selected Works]. Almaty. pp. 154–156. [in Kazakh]

60. Huan Jongshıan, 2009. Taraly formadáry jane jyrlay dalgeri – Qazaqtyn jyrshylaryn tekserip zertteyi [Forms of Transmission and Singing Traditions – A Study of Kazakh Epic Performers]. Pekin: Ulttar baspasy. Pp. 34–35. (黄中祥. 传承方式与演唱传统 • 哈萨克族民间演唱艺人调查研究. - 北京：民族出版, 2009年11月. 页34–35.) [in Chinese]

61. Shetel qazaqtarynyn oneri: myzyka madenıeti. 2014. 1-kitap. Ujymdyq monografııa [The Art of Kazakhs Abroad: Musical Culture. Vol. 1. Collective Monograph]. Almaty: Qazaq ynıversıteti. 424 p. [in Kazakh]

**Маулет А.**
Национальный музей Республики Казахстан
Астана, Казахстан
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

## ИЗУЧЕНИЕ ИНСТРУМЕНТАЛЬНОГО МУЗЫКАЛЬНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХОВ СИНЬЦЗЯНА

**Аннотация.** Многовековой общий историко-культурный путь развития тюркоязычных народов свидетельствует об их духовном наследии как едином целом. Несмотря на то, что этническая идентичность казахского народа окончательно сформировалась в XV веке, культурные ценности до этого периода развивались в рамках родо-племенного искусства. Этническое единство тюркоязычных племён предопределило состав казахов Синьцзяна. Духовное наследие этих народов, в том числе инструментальная музыка, тесно связано с кочевым образом жизни и оказало значительное влияние на формирование культурного единства и национальной самобытности этноса. Научная статья посвящена анализу инструменталь-

ного музыкального наследия казахов Синьцзяна в историко-культурном контексте. Цель исследования — выявить художественно-исполнительские особенности традиций игры на домбре и сыбызгы, проанализировать роль исторических личностей и формирование региональных исполнительских школ, а также определить место и значение этого наследия в музыковедении тюркского мира и Казахстана. В ходе исследования применены историко-типологические, сравнительно-теоретические и этнофоноаналитические методы, а также комплексный подход. Инструментальная музыка казахов Синьцзяна была проанализирована на основе нотных и аудиоматериалов, выявлены структурные особенности домбровых кюев, различия в интонационно-ладовом строе. В результате научного анализа были рассмотрены региональные исполнительские традиции, художественная индивидуальность исторических деятелей и историко-культурная эволюция инструментального музыкального искусства региона.

**Ключевые слова:** казахи, культурное наследие, традиция, инструментальная музыка, домбра.

*Для цитирования: Маулет А. Изучение инструментального музыкального наследия казахов Синьцзяна // Мәдени мұра. 2025. №2 (109). С. 126-149 (каз.)*
*DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.08*

**Maulet A.**
National Museum of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

## THE STUDY OF THE INSTRUMENTAL MUSICAL HERITAGE OF THE KAZAKHS OF XINJIANG

**Absract:** Kazakh cultural elements evolved within the framework of tribal and clan-based art. The ethnic community of Turkic-speaking tribes largely determined the ethnic composition of the Kazakhs of Xinjiang. The spiritual heritage, including instrumental music, is closely tied to the nomadic life and played a significant role in shaping the cultural unity and national identity of the ethnic group. This article explores the instrumental musical heritage of the Xinjiang Kazakhs within a historical and cultural context. The objective is to examine the artistic and performance features of the dombyra and sybyzgy traditions in the region, to analyze the role of historical figures, and to identify the formation of regional performance schools, thereby clarifying the significance of this heritage within the musicology of both the Turkic world and Kazakhstan. The historical-typological, comparative-theoretical, ethnophonic analytical methods, and comprehensive methodological approach were used. The instrumental music of the Xinjiang Kazakhs was analyzed on notated and audiomaterials, revealing structural features of

dombyra kyuis and differences in tonal and modal organization. The regional performance traditions, the artistic styles of prominent historical figures, and the historical and cultural development of the region's instrumental music were scientifically examined.

**Keywords:** Kazakhs, cultural heritage, tradition, instrumental music, dombyra.

*For citation: Maulet A. The study of the instrumental musical heritage of the Kazakhs of Xinjiang // Madeni mura. 2025. №2 (109). Pp. 126-149 (in Kaz.)*
*DOI: https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.08*

**Автор туралы мәлімет:**
**Мәулет Ардаби,** PhD, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-7625-0407

**Сведенит об авторе:**
**Маулет Ардаби,** PhD, Научный сотрудник Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-7625-0407

**Information about author:**
**Maulet Ardabi,** PhD, Researcher at the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
ORCID: 0000-0002-7625-0407